

**Ж.М. Искакова\*** 

Фил.ғылым.канд., Әдістеме Lab бөлімінің жетекшісі  
Ш. Шаяхметов атындағы  
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы,  
Астана қ. Қазақстан  
[oazis-jas@mail.ru](mailto:oazis-jas@mail.ru)

**Л.М. Демесинова** 

PhD, аға ғылыми қызметкер  
Ш. Шаяхметов атындағы  
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы  
Астана қ. Қазақстан  
[lmdemessin@gmail.com](mailto:lmdemessin@gmail.com)

## УРБАНИСТІК ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

*Аңдатпа.* Қазақ әдебиеттануында қала мен дала образдары жекелей ғылыми мақалаларда осы уақытқа дейін зерттеліп келгенімен, қала образы салыстырмалы түрде соңғы онжылдықта ғана зерделене басталды. Өйткені қазақ прозасы да, поэзиясыда жаңа ғасырға дейін қалалық өмірден гөрі ауылдық өмірді суреттегені белгілі және оның өзіндік бірнеше себептері бар. Қала жекелей образ ретінде немесе урбанистік әдебиет әдебиеттің жеке бағыты ретінде әлі де түбегейлі зерттеуді талап етеді. Зерттеу мақаласында қазақ әдебиеттануындағы урбанистік әдебиетті зерттеудің алғышарты ретінде шетелдік ғалымдардың осы бағытта жасаған тұжырымдамалары мен зерттеулері қарастырылды. Салыстырмалы зерттеу әдісі негізінде қалалық мәтін мен қала образдары туралы жасалған ізденістер басшылыққа алынды. Атап айтар болсақ, Р.Барт, Н.Шмидт, Ю.Маринина және басқа да ғалымдардың еңбектері негізінде тың тұжырымдар жасалды.

*Тірек сөздер:* урбанизация, көркем мәтін, қалалық мәтін, қала бейнесі.

**Кіріспе.** Қазақ ғылымында урбанизация география, экология, туризм, әлеуметтану лингвистика ілімдері тұрғысынан зерттелген. Алайда қазақ әдебиетіндегі урбанизация, урбанистік әдебиет кейбір ғылыми мақалаларда ғана екі ауыз сөзбен айтылғаны болмаса, арнайы зерттеу нысанына айналмаған. Біз зерттеуімізде қазіргі заманның негізгі үрдісіне айналған және ғылым мен өнердің барлық салаларында кеңінен өріс алған урбанизм, урбанизация мәселесін зерттеу объектісі етіп алдық.

Әдебиеттегі урбанизм (оның тақырыбы, образдары, стилі) техникамен және индустриямен жоғары дамыған үлкен қаладан, қалалық тұрмыстан, қалалық сәннен

туындаған психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі. Қала тақырыбы XIX ғ. екінші жартысынан бастап пайда болып, өнеркәсіптік капитализмнің даму шамасына қарай әлем әдебиетінде үлкен мәнге ие бола отырып, ең алдымен реализм арқылы көркемдік шешімін тапты. Әдебиеттегі әдеттегі ауыл өмірі, үй-жайлар, табиғат ығыстырылды. Сипаттама нысандары машина, зауыт, темір жол, тобыр, адам массасы біртұтас болып табылды.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.** Зерттеудің әдіснамалық негізі жалпы тарихи-әдеби процес пен көркем әдебиеттің жекелеген құбылыстарын қарастыру мен талдауға бағытталған. Мақалада генетикалық, салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-

типологиялық, мәдени-тарихи, әлеуметтік-мәдени әдістердің принциптері, көркем мәтінді семантикалық талдау әдісі болды. Автор гуманитарлық пәндермен (лингвистика, тарих, әлеуметтану) өзара сабақтастықта қарастырылды.

**Зерттеу нәтижелері.** Жалпы урбанизация және урбанизм деген екі ұғымға қысқаша түсінік берейік. Латын тілінен аударғанда «urbs» сөзі қала дегенді білдіреді. Урбанизацияның географиялық анықтамасы ауыл халқы есебінен қала халқының өсуі. Урбанизм деген сөз латынның «urbanus» – қалалық деген сөзінен шыққаны белгілі, яғни бұл сөз адамзат мәдениетінде қала рөлінің артуына байланысты өнер мен әдебиетте қала тіршілігін бейнелеуден туындады, сондықтан бұл ұғым әлемдегі урбанизация үрдісінің жылдан-жылға өсуінің заңды мәдени нәтижесі болып табылады.

Урбанизм – ХХ ғасырдың сәулет өнері мен қала құрылысындағы бағыт, бұл бағыт қазіргі заманғы қалаларды дамытудың негізі, олардың құрылысын, ең бастысы, көлемі жағынан тек функционалдық талаптарға ғана бағытталған [1, 300].

Урбанизм терминіне «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде» төмендегідей анықтама беріледі:

1) үлкен қаланың билеуші топтарының құлдыраған мәдениеті, қаланың орталықтарындағы материалдық және рухани өмірдің шоғырлануын және дамуын ауылдың дамуына зиян тигізу арқылы көтеретін ағым;

2) әдебиет пен өнердегі қалаға арналған өлеңдердің басымдығы, ірі қалалардың өмірін бейнелеу және даңқтау [2, 498].

«Урбанистік тақырып» – қалалық тақырып, ол шаруа қожалықтарынан, өз ауылдарынан жақын орналасқан қалаларға қашып шыға бастаған кезден бастап жазушыларды қызықтырды. Қазіргі уақытта урбанизация процесі жаһандық сипатқа ие болды. Қала адамдарды өзгертеді, қалада азғырулар көп, оның бойында түрлі қасиеттердің пайда болуына ықпал етеді.

Үлкен қаланың мәселелерін көптеген жазушылар жазып, одан әрі қазіргі кезде жалғасын тауып, түрлі бағытта көрініс тапты.

Әдебиеттегі урбанизм мәселесі – жаңа ғасырда әдебиеттанудағы ең маңызды мәселелердің біріне айналды. Әдебиеттегі урбанизм Ресей ғалымдарымен біршама зерттелгенін ескере отырып, олардың пікірлеріне тоқталуды жөн көрдік. Қала мәтінінің әдебиет пен адам өміріндегі маңызы туралы ақындар мен жазушылар шығармаларына негізгі нысанға алынды. Кейінірек бұл идеяларды теориялық тұрғыдан орыс ғалымдарынан М.М. Бахтин, В.Н. Топоров, Ю.М. Лотман, Б.А. Успенский еңбектерінде қарастырды. Осы аспектіде ХХ ғ. басындағы поэзия ерекше қызығушылық тудырғын, өйткені В.Я. Брюсов, К.Д. Бальмонт, А.А. Блок, В.В. Маяковский, тез өзгеретін қала тақырыбына бет бұрып, оқырманның урбанистік кеңістікті ұғыну үшін оны көркем платформаға айналдырды. Орыс әдебиетіндегі ХХ ғ. алғашқы урбанистік бағытты жазушылар В.Я. Брюсов және К.Д. Бальмонт болды. Олар қаланың өмірін адамның жеке өмірімен, қоғаммен, табиғатпен өзара байланыста қарастырды.

Зерттеуші Тетик Кевсер өзінің кандидаттық диссертациясында урбанистік лиризмнің түрлерін көрсететін К.Бальмонт пен В.Брюсов шығармашылығына тоқталады. Жалпы олардың поэзиясында адамзат болмысының толықтығын жүзеге асыруға ұмтыла отырып, әлем елдері мен қалаларының көптеген бейнелерін жасады, әртүрлі мәдени дәстүрлерге бет бұрды, қаланы символдық және импрессионистік поэтиканың құралдарымен сурет салды; оның поэзиясында қаланың келбетін оқырман алдында жиі жұмбақ микрокосмоспен таныстырды. Брюсов өз поэзиясында өткен ғасырлардағы қаланың ерекшеліктері тез өзгеретін қазіргі және болашақ белгілерімен ұштастырды, қалалық кеңістіктің футурологиялық концепциясын құрды [3].

Сол сияқты башқұрт әдебиетіндегі урбанистік прозаны зерттеуге арналған

Л.И.Мараканованың «Башқұрт прозасындағы урбанизация үдерісінің көркемсөзде берілуі» тақырыбындағы зерттеуінде ғалым башқұрт әдебиетіндегі урбанистік прозаның ХХ ғасырда қалыптасып, дамуын көрсете отырып, оның тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктерін ашып, талдаған.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында жазушылар шығармаларындағы қала тақырыбы түбегейлі зерттеліп болған жоқ. Көптеген шетел әдебиетінде қала бейнесі кейде «*sui generis*» романның кейіпкері ретінде әрекет етеді. Мәселен, Э. Золя «Париж» және «Рим», Роденбахтың «Өлі Брюгге», А. Белыйдың «Петер-Бург» туындылары мысал бола алады.

Әдебиеттанушылар урбанистік әдебиетке көркем шығармалардың үлкен бөлігін жатқызулары мүмкін, атап айтар болсақ, бас кейіпкер ретінде бүтін бір қаланың көрініс табуы. Бұл урбанистік әдебиетке тек қала – әңгімелеудің негізгі кейіпкері болатын шығармаларды жатқызу керек дегенді білдірмейді. Қала тақырыбы – оқиғаның мазмұнын анықтайтын басқа тақырыптардың компоненттерінің бірі болуы да мүмкін. Бальзактың романдарында, кейінірек Э.Золя романдарында – Париж тек әрекет ету орны ғана емес, адамдар мен оқиғалар үшін пассивті фон ғана емес, дербестендірілген күш, ол әрекет етуші адамдардың сипатын, сондай-ақ оқиғалардың барысын анықтайды, Париж өзі тірі бейнеретінде әсер қалдырады.

Қазіргі қалалар өзін-өзі дамытатын күрделі жүйе. Қалалық процестерді түсіндіру және олардың дамуын адамның мүдделеріне бағындыру үшін жаңа қалалық ғылым пайда болды.

Урбанистика – бұл қалалық қауымдастықтар мен жүйелердің дамуын зерттейтін ғылым. Ол қалаларды дамыту, оларды өмір сүру үшін ыңғайлы және қолайлы ету үшін гуманитарлық, әлеуметтік және техникалық ғылымдардың жетістіктерін жинақтайды.

Урбанистиканың қарыштап дамуымен қатар, урбанистік әдебиет те және ол туралы

зерттеулер де көбее түсті. Әдебиеттануда да урбанистік зерттеулер бірнеше салада дамыды. Мәселен, урбанистік әдебиетті теориялық тұрғыдан зерттеу және проза мен поэзиядағы қала тақырыбында жазылған шығармаларға талдау жасау тиімді. Қазіргі әдебиеттану ғылымында қала тақырыбына деген қызығушылық және әдеби шығармадағы қала бейнесінің көркемдік функцияларын анықтау өзекті болып табылады. Қала тақырыбы мотивация немесе ностальгия, қайта оралу, мақсатсыз қозғалыс, қала кеңістігінің оқшаулануы, қала тұрғындарының, көліктің, үйдің бейнелерінде көрінеді.

«Қалалық мәтін» – бұл бір уақытта бейне мен шындық ретінде қаланың қос табиғатымен байланысты ерекше құбылыс. Бұл екі жақ бір-бірімен тығыз байланысты және қала бейне ретінде өзінің материализмінде бастапқыда берілген ұйымның мәтіндік принципін анық көрсетеді. Кевин Линч, «Қала бейнесі» кітабының авторы, осыған байланысты «қаланы мәтін ретінде оқу» мүмкіндігі туралы айтады [4, 16]. Құрылымы бойынша қала мәтіні белгілі бір мағынада көркем мәтінге жақындайды. Сондай-ақ, мұқият көз мұнда оның адгезиясын, жақындауы мен серпілуін, суреттердің жұптасуын анықтайды [5].

Қалалық мәтінді зерттеуші А.А.Рубанның шығармасында француз әдебиетіндегі Париж мәтінінің генезисі мен дамуы туралы бақылаулар бар. Зерттеуші ХІХ-ХХ ғасырлардағы француз әдебиетіндегі Париж бейнесі жанрлық және ақындық тенденцияларға байланысты өзгереді деп санайды. А.А.Рубан Париждің ХХ ғасырдағы француз және кеңірек әлем әдебиетіндегі бейнесі Э.Хемингуэй, Г.Миллер, И.Кальвино, Л.Арагон, Ф.Коппе, Ф.Карко, Л.П.Фарг, М.Жакоба, Ж.Супервиль, П.Элюардың шығармаларында дамиды деп санайды.

Қалалық мифтің және қалалық мәтіннің әдебиетте және мәдениетте болуының шарттылығы, егер ол айқын көрінбесе де, яғни жанама түрде ұсынылса да, қала бейнесінің «көрінісінің» әр жағдайын талдау қажеттілігіне әкеледі. Бұл тұрғыда біздің

зерттеуіміз үшін А.А. Рубанның әдебиеттегі Париж бейнесінің дамуына байланысты қалалық мәтіннің шекаралары туралы пайымдаулары нәтижелі: «Париж мәтіні» – «Париж мифі» мен «қалалық мифтің» маңызды функционалды бірлігі. Өнердің барлық түрлері арқылы танылатын Париж бейнесі көркемдік, сөйлеу өрнегінде «әдеби мифтің» мағынасында көрсетіледі. Өзара байланысты ұғымдар тізбегі келесідей көрінуі мүмкін: «Париж мәтіні» – «қала мәтіні», «Париж мифі» – «қала мифі». Сондай-ақ, оны келесідей ұсынуға болады: «Париж мәтіні» – «әдеби миф»– «Париж мифі» [6, 5-6].

Зерттеуші М.А.Гололобов Э.Золяның романдарындағы Париж мәтінін зерттей келе: «Золяның романдарының париждік мәтін – бұл семантикалық және тілдік қауымдастықпен сипатталатын құрылым, шектеулі (Париждің тарихы мен қазіргі жағдайы) және жергілікті (Париждің аумағы мен топографиясы). Золя Париж мәтінінің құрылымында белгілі бір компоненттер ерекшеленеді (субтесттер, материалдық-мәдени, рухани және табиғи салаларға байланысты субстраттар, сонымен қатар дәстүрлі түрде Парижмен байланысты сюжеттер, мотивтер мен бейнелер» [7, 150]. Сонымен қатар, зерттеуші жазушының кейбір романдарындағы Париж мәтінінің функцияларын қарастырып, «Париждің құрсағы», «тұзақ» және «махаббат парағы» түсініктерін анықтап, әлемдік мәдениеттің тағдыры туралы ойлаудың арандатушылық мүмкіндігі, сюжеттік оқиғаларды ашудың құралы, кейіпкерлерді сипаттаудың қосымша құралы ретінде қарастырылады [7].

Ю.А. Маринина «XIX ғасырдың екінші жартысындағы француз поэзиясындағы қаланың мифологиялық бейнесі» зерттеуі [5] қала кеңістігінің мифологизациясын дәйекті зерттеуден тұрады. Қала туралы мәдени миф жаңа уақытта пайда болды. Өздеріңіз білетіндей, қазіргі ғылым миф терминінің мағыналарын біріктірудің әртүрлі нұсқаларын ұсынады. Бастапқыда мифтер «жалпы халықтық қиялды құру, шындықты сезімтал-нақты персонализация және тірі тіршілік

иелері түрінде жалпылама бейнелейтін, қарабайыр сана деп санайтын» [8, 222]. Алайда, термин біртіндеп жаңа мағынаға ие болады. Мифтің заманауи түсініктерінің бірі Р. Барт ұсынады. Ол «миф – бұл сөз, сөз<...>, форма», тіл [9, 46] деп санайды. Сонымен мифті формальды белгілердің жиынтығы ретінде қарастыру керек, осылайша жасанды мифтер туындайды. Қаланың мифологиялық бейнесі қоғамның әртүрлі идеяларын біріктірудің нәтижесі болып табылады. Зерттеуші «ақындар көрсеткен қаланың мифологиялық бейнесі сол кездегі суретшілердің жақындап келе жатқан өзгерістерді және қала сияқты әлемдік мәдениеттің құбылысының орасан зор көлемін сезінетін сезімдерін дәл жеткізеді» [5, 16] деген қорытындыға келеді.

#### **Зерттеу нәтижелерін талқылау.**

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың тұжырымдамалары әртүрлі жазушылардың шығармаларында Париж бейнесінің поэтикасын дамытуға қатысты алынған. Бір қала бейнесін талдауда, қала эволюциясын көркем бейне ретінде байқауға болады. Әртүрлі көркемдік тәжірибелерде кездесетін қала мәтінінің жалпы эволюциясын қарастырудың маңыздылығын атап өткен жөн: мысалы, Н.В.Шмидттің жұмысы модернистік әдебиеттегі қала мәтінінің параметрлерін зерттеуге арналған. Зерттеуші В. Брюсов, А.Блок, А.Белый, Н.Гумилев, А.Ахматова, О.Мандельштам, В.Маяковский, В.Хлебников шығармаларындағы қала мәтінінің мәселелері мен поэтикасын қарастырады. Зерттеуде Н.В.Шмидт «қала мәтіні» қалалық болмыстың авторлық моделін бейнелейтін образдар, мотивтер, сюжеттер кешені ретінде анықтайды, орыс модернистерінің поэтикалық мұрасындағы қаланың семантикалық кешендерін окшаулайды және жүйелі түрде сипаттайды, қала бейнелері мен сюжеттерінің әлемдік модельдік координаттар ретінде рөлін анықтайды. Н.Шмидт қала туралы «авторлық мифтерді» қалыптастырудың кейбір принциптерін қарастырады, атап айтқанда, эсхатологиялық «жойылған бұршақ» пен

утопиялық «Құдай сарайы» архетиптік модельдеріне негізделген «Петербург мифі». Сонымен қатар, зерттеушінің сөзсіз еңбегі «қала бейнелерінің нақты функцияларын (хронотопиялық, әлемді өзгертетін, мифологиялық) анықтау және олардың семиотикалық рөлі кеңістіктік және экзистенциалды-онтологиялық мотивтерді біртұтас «семантикалық байламға» жинайтын белгілі бір семантикалық орталықтар ретінде анықталды [10, 6].

Модернистік көркем мәтіндермен салыстырғанда, қала тақырыбы мен проблемалары ХХ ғасырдың классиктерінің романдарында – Г. Гессе, Т. Манн, М. Пруст, А. Камус, Ф. Кафка шығармаларында кездеседі. Шығыс славян әдебиеттануында «Мәскеу», «Петербург», «Киев» бейнесін сипаттайтын зерттеу дәстүрі қалыптасқан. Әдебиеттануда Н.В. Гогольдің «Петербург туралы» мәтіндері көптеп зерттелген. Ф.М. Достоевский, А. Белый, қала тұрғындарының мәдениеті мен менталитетін қалыптастыруға әсер ететін көркем мәтіндерді ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлерінде көрінеді. Сонымен урбанистік әдебиеттің өзіне тән басты ерекшеліктері анықталды:

- ірі қалалар өмірі, қала тұрғындарының психологиясын, тағдырын бейнелеу;

- қаланы тұтас көркем бейне түрінде суреттеу.

Әдебиеттанушылар урбанистік бағытта жазылған шығармаларда қала тірі бейне ретінде немесе урбанистік кеңістік, платформа ретінде бейнеленуі кездеседі деген тұжырым жасайды. Урбанистік прозаның негізгі нысандары: қала, қала тұрмысы, қала тұрғындары, қала стилі, сәні, қала туралы мәтіндер.

Қазіргі қазақ қоғамындағы қалалық өмірдің ауыл өміріне қарағанда доминантты екенін айтпасақ та белгілі жайт. Әсіресе соңғы отыз жылдағы ауылдық жерлерден қалаға жаппай көшу үдерісі әлі де жалғасуда. Алайда бұл процестің бастау алуы қазақ жерінде Кеңес үкіметінің орнап, ұлан-ғайыр

территориямызда табылған кен орындарында қалалардың салынуымен тікелей байланысты. Сонымен қатар, қазақтың болмысын, санасын, салтын, қаймағы бұзылмаған ауылдық тұрмысын далалық мәдениеттен қалалық мәдениетке бұру қазақ даласында қалалардың бой көтеруіне бірден-бір себеп болғанын да айтуымыз қажет. Осы тұрғыдан қарастырғанда қазақ мәдениетіндегі урбанизация ұғымының қалыптасуы, дамуы мәселесі екі жақтан зерделеуді қажет етеді деген ойдамыз. Өйткені бір жағынан қала өмірі қазақтың ұшы-қиыры жоқ даласында емін-еркін жайлап, көшіп-қонып жүрген көшпелі өркениеттің түбірімен жойылуына әкелу үшін жасалған әрекет болса, екінші жағынан қазақ қоғамын дүниежүзіндегі қалалық мәдениеттің озып шыққан жаңа өркениеттің қатарына қосу екенін де ескерген дұрыс. Мұндай күрделі процестен тек қазақ даласы емес ХІХ ғасырдан бастап Ресей империясы мен кейін оған қарасты колониалды елдер де өткені мәлім. Сол себептен орыс ғалымдарының теориялық зерттеу еңбектері мен пікірлері үнемі назарда болды. Қазақ прозасы мен поэзиясында алғаш урбанистік ұғымдар мен көркем образдар ХХ ғасырдың 20-40 ж.ж. пайда бола бастады. Ал нақты урбанистік тақырып қазақ даласындағы индустрия, өнеркәсіптің дамуымен келгенін көруімізге болады.

**Қорытынды.** Қорыта айтар болсақ, урбанистік мәтін туралы шетел әдебиеттанушылар жан-жақты зерттеулер жүргізіп, тың тұжырымдар ұсына білді. Зерттеу мақаласында біршама ғалымдардың қала тақырыбында жүргізген зерттеулеріне талдау жасалып, оның көркем мәтіндегі орнын, стильдік және тақырыптық жағынан ерекшеліктеріне тоқталып, салыстырма жұмыстары жүргізілді. Қазақ әдебиеттануына келер болсақ, бүгінде қала тақырыбында шағын мақалалар кездескенімен, көлемді еңбектің бірі М. Аманғазықызының «Қазіргі қазақ прозасындағы қала моделі және ұлттық ментальдылық» [11] тақырыбында жазылған докторлық диссертациясында жалпы урбанизация мәселесінің көркем мәтіндегі

көрінісі, жалпы даму типологиясы жан-жақты қарастырылған. Қазақ әдебиеттануында түбегейлі зерттеуді қажет ететін тың тақырыптардың бірі көркем мәтіндегі

урбанизация мәселесі алдағы уақытта да толық қарастырылатыны сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Құлманов, С. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (сәулет және құрылыс) [Мәтін] / С.Құлманов. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2009. – 320 б.
2. Құрманбайұлы, Ш. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі [Мәтін] / құрастырған: Ш. Құрманбайұлы, С.Исқақова, Б.Мизамхан. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
3. Кевсер, Т. Урбанистическая поэзия К.Д. Бальмонта и В.Я. Брюсова [Текст]: Автореферат дисс... канд.фил.наук / Т. Кевсер – М., 2017. – 32 с.
4. Люсьй, А.П. Наследие Крыма: геософия, текстуальность, идентичность [Текст] / А.П. Люсьй. – М.: Русский импульс, 2007. – 240 с.
5. Маринина, Ю.А. Мифологизированный образ города во французской поэзии второй половины XIX века: от Бодлера к символистам [Текст]: дис. ... канд. филол.наук. / Ю.А. Маринина. –Нижний Новгород, 2007. –207 с.
6. Рубан, А.А. Образ Парижа во французской литературе концаXIX - начала XX века [Текст]: дис. ... канд. филол. наук. / А.А. Рубан. – М., 2004. – 267 с.
7. Гололобов, М.А. Парижский текст в романах Э. Золя [Текст]: дисс... канд. филол. наук. / М.А. Гололобов. – М., 2009. – 188 с.
8. Аверинцев, С.С. Мифы [Текст]: Литературный энциклопедический словарь / С.С. Аверинцев. – М.: Советская энциклопедия, 1987. – 225 с.
9. Барт, Р. Избранные работы: Семиотика. Поэтика [Текст]: [пер. с фр.] / Р. Барт. – М.: Прогресс, Универс, 1994. – 616 с.
10. Шмидт, Н.В. «Городской текст» в поэзии русского модернизма [Текст]: дисс... канд. филол. наук. / Н.В. Шмидт. –М., 2007. – 199 с.
11. Аманғазықызы, М. Қазіргі қазақ прозасындағы қала моделі және ұлттық ментальдылық [Мәтін]: докторлық дисс. / М. Аманғазықызы. – Астана, 2021. – 135 б.

*Материал 5.04.24 редакцияға түсті.*

**Ж.М. Искакова\*, Л.М. Демесинова**

*Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова, г. Астана, Казахстан*

#### УРБАНИСТИЧЕСКАЯ ЛИТЕРАТУРА И ЕЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

**Аннотация.** В казахском литературоведении образы города и степи до сих пор изучались в отдельных научных статьях, но лишь в сравнительно недавнем десятилетии образ города начал изучаться. Ведь известно, что и казахская проза, и поэзия до прошлого века описывали сельскую жизнь, а не городскую, и на это есть свои причины. Город как отдельный образ или урбанистическая литература как отдельное направление литературы по-прежнему требует фундаментального изучения. В исследовательской статье рассмотрены концепции и исследования, разработанные зарубежными учеными в данном направлении, как предпосылки для изучения урбанистической литературы в казахском литературоведении. На основе метода сравнительного исследования

руководствовались проводимыми поисками городского текста и образа города. В частности, на основе работ Р. Барта, Н.Шмидта, Ю. Марининой и других ученых были сделаны новые выводы.

**Ключевые слова:** урбанизация, художественный текст, городской текст, образ города.

**Zha.M. Iskakova\*, L.M. Demessinova**

*The national scientific and practical center «Til-Kazyina» named after Sh. Shayakhmetov, Astana, Kazakhstan*

## URBAN LITERATURE AND ITS RESEARCH

**Abstract.** In Kazakh literary studies, the images of the city and the steppe have so far been studied in separate scientific articles, but it was only in a relatively recent decade that the image of the city began to be studied. After all, it is known that both Kazakh prose and poetry until the last century described rural life, not urban, and there are reasons for this. The city as a separate image or urban literature as a separate branch of literature still requires fundamental study. The research article examines the concepts and studies developed by foreign scientists in this area as prerequisites for the study of urban literature in Kazakh literary studies. Based on the method of comparative research, we were guided by the ongoing searches for the urban text and the image of the city. In particular, new conclusions were drawn based on the works of R. Barth, N. Schmidt, Y. Marinina and other scientists.

**Keywords:** urbanization, artistic text, urban text, image of the city.

### References

1. Kulmanov, S. Oryssha-qazaxsha terminologiyalyq anyqtamalyq sözdik (sәulet zhәne qyrylys) [Russian-Kazakh terminological reference dictionary (architecture and construction)] / S. Kulmanov. - Almaty: Center for the development of the state language, 2009 -- 320 P. [in Kazakh]
2. Kurmanbayuly, Sh. Qazaq tiliniң kirme sözder sözdigi [Dictionary of borrowed words of the Kazakh language] / compiled by: Kurmanbayuly, S. Iskakova, B. Mizamkhan. - Almaty: public fund" National Translation Bureau", 2019. - 596 P. [in Kazakh]
3. Kevser, T. Urbanisticheskaya poeziya K.D.Bal'monta i V.YA.Bryusova [Urban poetry of K.D.Balmont and V.Ya.Bryusov]. Abstract of the dissertation.for the degree of step.k.phil.N. / T. Kevser - Moscow, 2017. - 32 p. [in Russian]
4. Lyusy, A.P. Nasledie Kryma: geosofiya, tekstual'nost', identichnost' [Crimean heritage: geosophy, textuality, identity] / A.P. Lyusy. - Moscow: Russian Impulse, 2007. - 240 p. [in Russian]
5. Marinina, Yu.A. Obraz Parizha vo francuzskoj literature koncaXIX - nachala XX veka [The mythologized image of the city in French poetry of the second half of the XIX century: from Baudelaire to the symbolists]: dissertation of the Candidate of Philology / Yu.A. Marinina. -Nizhny Novgorod, 2007. -207 p. [in Russian]
6. Ruban, A.A. Obraz Parizha vo francuzskoj literature koncaXIX - nachala XX veka [The image of Paris in French literature at the end of the XIX - beginning of the XX century]: dissertation of the Candidate of Philology / A.A. Ruban. -Moscow, 2004. -267 p. [in Russian]
7. Gololobov, M.A. Parizhskij tekst v romanah E. Zolya [The Parisian text in the novels of E. Zola]: dissertation of the Candidate of Philology / M.A. Gololobov. - Moscow, 2009. - 188 p. [in Russian]

8. Averintsev, S.S. Mify [Myths] / S.S. Averintsev // Literary encyclopedic dictionary. Moscow: The Soviet Encyclopedia, 1987. – pp.222-225.
9. Barth, R. Izbrannye raboty: Semiotika. Poetika [Selected works: Semiotics. Poetics]: [translated from French] / R. Bart. – Moscow: Progress, University, 1994. – 616 p. [in Russian]
10. Schmidt, N.V. «Gorodskoj tekst» v poezii russkogo modernizma ["Urban text" in the poetry of Russian modernism]: dissertation of the Candidate of Philology. /N.V. Schmidt. –Moscow, 2007. – 199 p. . [in Russian]
11. Amangazykyzy, M. Қазіргі қазақ прозасындағы қала модели және ұлттық mental'dyлық [The model of the city and the national mentality in modern Kazakh prose]: doctoral dis. / M. Amangazykyzy. - Astana, 2021 – 135 p. [in Kazakh]

Мақалаға сілтеме: *Искакова, Ж.М. Урбанистік әдебиет және оның зерттелуі [Мәтін] / Ж.М. Искакова, Л.М. Демесинова // Dulary University Хабаршысы. – 2024. - №3. – Б. 35-42 <https://doi.org/10.55956/RSTM2329>*